

— Кенжеғали Әбенұлы, жана оқу жылына студенттер қабылдаудың мерзімі тапп келеді. Өткен жылдармен салыстырғанда биылғы маусымның қандай басы ерекшеліктері бар?

— Ең бірінші айтатын мәселе, екі институттың басын біріктіріп жаңадан университет атауымызға бір жыл бір айдан астам уақыт болды. Университетте барлық мамандықтар бойынша жана оқу жобасын әзірледік. Оның бұрынғы жоба мен оқу бағдарламасынан көптеген айырмашылықтары бар. Өздеріңізге мәлім, қазіргі күрделі заманда бұрынғы біз дайындаған мамандардың біліктілігі көп жерде жарамайды. Сондықтан да уақыт тадабына сәйкес, яғни кадрларға мұқтаждықтың тууына орай жана оқу жылында жана сала бойынша нақты тұжырымдама жасалды. Осыған көптеген уақытымыз кетті. Ауыл шаруашылығындағы үлкен-үлкен

күшейтіп келеді. Оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып, сатып алу ісінде де біршама алда келеміз. Бізге алыстан әкелінетін ауыл шаруашылық өнімдерінің сапасы қандай, соны қалай білеміз? Арнаулы мамандар болмаса өнімнің нормативтік сапасын қалай анықтаймыз? Кенес Одағы заманында мұндай сарапшы мамандық иелері Ресейде ғана дайындалған екен. Сондықтан да қажетгі кәсіп иелерін тұңғыш рет шетелдік әрптестермен тәжірибе алмаса отырып, біз Алматыда дайындауға бел шеше кірістік.

Ауылдағы нарық экономикасының қырсырын, ауыл шаруашылығының басқару жүйесін жетік білуіміз үшін менеджмент мамандығын менгеруіміз шарт. Біздің қазіргі фермерлеріміздің, бұрынғы шаруашылық иелерінің құлағы естімеген шешетүрлі атауларға анықтама беретін мамандық бұл. Бұған бухгалтерлік-есеп пен аудитті, қаржылық несиені топтастырып, кіргізіп отырымыз. Шетелдермен байланысымыздың

айтсақ, биылғы біздің маман кадрлар жұмысқа орналастыру жөнінен бұлардан алдында тұрған күрделі мәселе жоқ. Өйткені, бұлар жана заманның мамандар Ешкімнің көңіліне келмесін, ауылдағы адамның біреуі бизнес-жоспарды жасау білмейді. Жер реформасы не десені кәдімгі белсенді маманның өзі иығы көтеруі мүмкін. Мына биыл бітірге отырған мамандарымызды қызмет сұраушылар көп, хаттар да келіп жаты. Көңілді толатын бір жәйт — жігіттердені ауылға кетіп жатыр. Оның үстіне олар орнында қалыптасқан мынандай тәжірибелер бар. Үшінші курс студенттері өздерінің болашақ жұмыстарына ыңғайлас бастайды. Қарым-қатынас жасап, сөз жерден диплом жұмысын бітіруге дайын болады. Біз бұны қолдап қана отырмаймыз, мейлінше көмек береміз, әрі соған үміттейміз. Алдағы жылдың мамандықтар бойынша көптеген шаруашылық

жүйелерімен, салалық министрліктермен сөйлестік. Бізге осындай мамандық керек деген қолхаттары мен тапсырыстары кеңсеміз, хаттаулы жатыр. Бір мысал келтірейін, қазір бізде не көп базар көп. Алматының өзінде қанша базар бар, айтыңызшы? Солардың санитарлық жағдайы өте нашар. Базарда ақша жиі айтқан «батырлар» емес, осын әкелген ет өнімдерінің сапасы анықтайтын мал дәрігерлері санитарлық маман керек.

— Сөзіңіз аузыңызда, олар бұрыннан істен келе жатқан кадрлар бар емес пе. Олар жапырағын оңайшылықпен бере қоя ма екен?

— Біздің мамандарды тезірек жұмысқа кіріп кететін бір артықшылығы бар: олар нарық экономикасын күрделі түрде оқыған, қажеттігі содан. Дәй тұрғанмен жоғарыда айттығы, бірқатар проблем туғызатын мамандықтарды екі үш есеге дейін қысқартып тастадық.

— Сонғы жылдары еліміздің жоғары оқу орындарында коммерциялық жүйеде ақы төлеп оқытатын болымды көптеп ашылған жатыр. Жалпы Қазақстан ғылымындағы белгілі тұлға, ғалым-академик ретінде осы ақша төлеп, білім алу мәселесі қандай баға бересіз?

— Бұл өзі бүкіл дүние жүзінде тәжірибесінде бар жәйт. Мемлекеттік оқу жүйесі бар, сол сияқты жеке меншік оқу жүйесі бар. Мемлекеттік жоспармен алынған студент саны халық қанағаттандырмауы мүмкін. Себебі, мемлекеттің мүмкіншілігіне тәуелді. Қазір Қазақстанның ондай мүмкіншілігі жоқ. Өтпелі кезенді басынан өткізіп жатырмыз. Жанағы айтқан жоспардан тыс оқыту осыдан туған. Оған ешкімнің қарсылығы жоқ. Егер мемлекет барлығынан бас тартып, ақша төлеп оқындар десе, әңгіме басқаша. Мемлекет соншама қиыншылыққа қарамай, қазір жағдайда біздің университеттің өзінде ғалым 800 баланы тегін оқытып жатыр. Мұны сыртында оқимын дегендер болады. Мәселен, бізге былтыр 200-дей бала ақы төлеп түсті. Кейбір мемлекеттерде, бәлкі кейінірек біздің мемлекетімізде де пайдаланылатын тәжірибе шығар, оқимын деген жастарға несие беріледі. Қаражат жоқ, бірақ оқысы келетіндерге үкіміз (АҚШ, Германия, Англия т.б.) төме процентпен несие береді. Студент оқимын оқу бітірген соң қайтарады. Мемлекеттерде тіпті қайтара алмай жағдайда оқу орынын жаңа бітірген маман бұл қарызын экологиясы ауыр ауданда немесе өскере салада қызмет ету арқы қарызын өтейді. Болашақта бізде осын жүйеге жетсек, халықтың бәрі тең болады. Яғни, оқығысы келген адам несие ала алады.

Қазіргі ауылдың жағдайы мәз емес, бірақ күрделі жұмыстар жасалынып жатыр. Бір қатар мәселелер шешімін тапқан сияқты. Ауылға демеу керек, ауыл баласы оқуы керек.

Жана оқу жылындағы біз бағдарламамыз ауқымды, мамандық көпшілігі жаңа. Әрі осы жаңа оқытушыларымыздың құрам сараптан өткіздік. Жұртшылық көбінен жаңаға деген талпыныс. Жарық, су, жатақхана, асхана, түрлі үй мәселелерінде проблемалар жоқ. университетте білім аламын деген жастарды асыға күтеміз. Қыс бастағандарымыз еліміздің әр аймағы болып, жастармен кездесіп, ошақырып қайтты. Неғұрлым жастарымыз оқуға көп келсе, білім ынта-жігер танытса, білім қуанышымыз сол. Оқыған халық өркеніетке жетеді.

Талғат СҮЙІН

АЛМАТЫ.

Академик К. САҒАДИЕВ:

«ОҚЫҒАН ХАЛЫҚ ҚАНА ӨРКЕНИЕТКЕ ЖЕТЕДІ»

Қазақтың мемлекеттік агроуниверситетінің ректоры Кенжеғали САҒАДИЕВ ПЕН сұхбат



өзгерістер мен қайта құру үрдістері, жасыратын несі бар, кеңестік социалистік ауыл шаруашылығы жүйесіне мамандар дайындаған біздерге шын мәнінде ауыр емес. Жұмысты түбірімен қайта құруға тура келеді. Ғылыми жүйеде істеп жүрген ауыл шаруашылығында тәжірибесі мол мамандармен бірнеше рет кездесіп, дөңгелек үстел басында әңгіме өткізіп, оқу орнындағы ашылатын жана мамандықтың саны мен сапасын анықтаған сияқтымыз. Бұрынғы екі институт бойынша 36 мамандықтан кадрлар дайындаған едік, бүгінгі таңда оны екі есеге дейін қысқартып, 21 мамандық қалдырдық.

— Демек, оқу орнында биылдан бастап, факультеттер ашылатын болды ғой. Мүмкін болса олардың қандай кәсіп ерекшеліктері бар. Осыған тоқталып отасыз?

— Қазір дүние жүзі «көкөніс революциясын» жасау үстінде. Ауыл шаруашылығы өнімдерін күрт өсіруде биотехнологияның ғылыми соңғы жетістіктері кеңінен пайдаланылуда. Асыл тұқымды малдарды өсіруде дәнді-дақылдардан мол өнім алу үшін биотехнологияның үлесі зор. Университетте «биотехнолог» деген мамандық жетістіктеріміздің себебі — Қазақстанға биотехнология ғылымының жетістіктері әкелуі деген сөз. Маман болмаса жана технология мен техника ауылға қайдан келсін? Екіншіден, аграрлық зантану маманын даярлаймыз. Қазір ауылда жер бөлу, жекешелендіру реформасы екпінді түрде жүріп жатыр. Ауыл шаруашылығының сан қырлы шаруашылық механизмін ұйымдастырып сол шаруашылықтың басықасында араласып, өндірістің тұтқасын ұстап жүрген азаматтардың ең бір олқы жері — заңды біле қоймайды. Көріп-біліп, елге барғанда өз ауыздарынан естіп те жүрміз. Бізге оқуға келетін студент жастардың 99 проценті ауылдан шыққан. Сондықтан біз олардан ауылға қажетті заң қызметкерлерін дайындамақ деген үміттеміз.

Қазақстанда 60 мыңнан астам фермерлер бар екен. Өзінің жері, суы малы мен қаражаты бар осынау шаруашылық пелерінің жана легін дайындау мақсатымен фермерлер факультетін аштық. Біздегі фермерлердің алғашқы бір тобы өндіріске жолдама алып үлгерді. Әрине, фермер мектебін ашу үшін бізге жоғарыдан нұсқау болған жоқ. Университеттің ішінде, өз қаржымызға оқытып жатырмыз. Алдағы аптада Талдықорғанда, одан кейін Тараз бен Шымкентте, Қызылордада осындай қазақстандық фермер мектебін ашуды жоспарлап отырмыз.

4-ші мамандық — агроэкология. Қазақстанның жеріне біз тынайтыншыты өлшеусіз сеуіп тастадық. Арам шөптерді отаймыз деп улы химикаттарды тонналап шаштық емес пе? Оған жер эрозиясын қосыңыз. Жер-ананың беретін өнім-түсімі төмендеп, құнарлығы жойылып бара жатқаны рас. Бұл Жер бізге бір-екі немесе он-жиырма жылға ғана керек емес. Байтақ Отанымыз — біздің болашақ талай-талай ұрпағымыздың Отаны. Олар осы жерден өсіп-өнеді. Ендеше, жердің тынаюы, экологиялық жағынан тазаруы ауадай қажет. Міне, жана мамандықтың дүниеге келуі осындай күрделі мәселелерді шешудегі алғашқы қадамдар.

Қазір Қазақстан дүние жүзімен экономикалық қарым-қатынас байланыстарын

өрісі кеңейіп түсті. Демек, осы тұрғыда халықаралық аграрлық-экономикалық қатынастарды еркін менгеретін мамандық керек. Қарапайым мысал, шетелге сатқан өнімдіміз тым арзанға кетті, я болмаса сатып алған өнімдіміз тым қымбатқа түсті деген әңгімелерді жиі естіміз. Мұның жөні бар. Өйткені, бұл салада біздің арнаулы мамандарымыз жеткіліксіз.

— Бұл аталған мамандықтар бойынша кадрлар дайындау үшін жана болмыстағы оқытушы-мамандар керек емес пе. Осы жағы шешімін қалай тауып жатыр?

— Халықаралық экономикалық қатынастар мамандығына орай біз немістермен келісім жасап, төрт жас маманды сол елде оқытып жатырмыз. Қазірдің өзінде бізде ағылшын тілімен қоса ауыл шаруашылығы саласын жақсы білетін мамандар бар. Кезінде, яғни ерте бастан біз оларды дүниежүзілік бағыттағы оқу жүйесімен өткізіп алғанбыз. Стандарттау мен сертификаттау факультетіне дәріс беруге шетелдік ғалымдар да үлес қосып келеді. Жалпы осыған орай ортақ құрылған жобаларымыз да жоқ емес. Өзіңіз ойлап қараныз, біздің университеттің шанырақ көтергеніне бір жыл болды. Ал, шетелдік қайбір университеттердің 1000 жылдық тарихы бар. Оның үстіне 70 жыл бойы етек-жетімсізді қымтап, ешкіммен байланыспай, тастүйін отырып қалдық емес пе. Сондықтан да ендігі жерде әлемдік озық тәжірибені тезірек оқып-үйреніп, бойымызға тезірек сіңіріп, қатарға қосылыңымыз келеді. Келісім-шарттың арқасында бір топ жастарымыз немістерде, екінші топ жастарымыз ағылшындарда дәріс алып жатыр. Енді бірқатар жас мұғалімдеріміз Израильде оқып жүр. Қысқасын айтқанда биылдың өзінде алпыс шақты мұғалім шетелдік жүйеде оқып келді. Шетелдік пәнін осы оқу жылынан бастап мықтап қолға алдық. Барлық бөлімдерде олардың сағат санын екі есеге көбейтсек, халықаралық экономикалық қатынастар бөлімі үшін үш есе көбейттік. Оқытушыларымыздың шетелдік пәнін жете меңгеруіне жағдай жасаудамыз. Өйткені, шетелден көптеген оқулықтар мен құжаттар келіп жатыр. Оқытушыларымыздың өздері бұл үлгі кітаптарды оқи алмаса, не болғанымыз? Сондықтан, биылдан бастап біздің университеттің босағасын аттаған жастар, арнайы маман болып шығумен қатар бір шет тілін толық менгерген маман атанады. Бұл арада атап өтер жәйт, өзіміздің ана тіліміздің рухын көтеру ешуақытта күн тәртібінен түскен емес. Біздің оқу орны — үлкен, мемлекеттік дәрежедегі көрнекті университет. Жұрт мұны жақсы біледі. Менің ойлайтыным біздің халық оқымай қалмауы керек. Мақсатымыз — осыншама қиыншылыққа қарамай ауыл баласын оқыту.

— Сонғы екі-үш жылдың ішінде-ақ елімізде қаншама кеңшар мен ұжымшар тарап болмысын өзгертті. Биылғы университет дипломын алатын жігіттер мен қыздар қызметке қайда барады? Қазақстанның аграрлық саласына осынша мамандық дәл қазір қажет пе?

— Биыл университетті 900-дей студент бітіргелі отыр. Алдағы жылы бұл цифр белгілі мөлшерде кемиді. Мен жастармен де, ұстаздармен де кездесіп жүрмін. Нақтысын